№3 дәріс. Символ, белгі, метафора: мәдени семиотика теориясы

Лингвистика ғылымындағы антропоцентристік бағыттағы зерттеулерде Хайдеггер-Риккердің «Адам дегеніміз – тіл» атты пікіріне сай, «тілдегі адам факторына» ерекше көңіл бөлініп, «тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар халықтың ой-танымы мен сана-сезімінің құралы» деген В. фон Гумбольдттың тұжырымынан [4, 75 б.], тіл иесі этностың заманалар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесі, көргені мен көңілге түйген қордаланған білімін келер ұрпаққа тілдің көмегі арқылы, танымдық, мәдени, әлеуметтік, этникалық бірліктердің аясында табыстағандығынан байқауға болады. Яғни, қазіргі уақыттағы лингвистикалық зерттеулер объектіден субъектіге қарай бағытталуынан, тіл – субектінің (адамның) ең басты инсандық қасиеті ретінде зерттеу нысаны алынуда. И.А.Бодуэн де Куртенэ: «Язык существует только в индивидуальных мозгах, только в душах, только в психике индивидов или особей, составляющих данное языковое общество» деп «тіл мен адамның біртұтастығы» жайлы тұжырым жасайды [5, 6 б.]. Демек, қазіргі уақыттағы антропоцентристік бағыттағы лингвистикалық ғылыми зерттеулерде – тіл «өзі-өзінде және өзі үшін» деген «имманентті» (лат. тілінен immanents – бір нәрсеге тән не құрамында болу мағынасында) тіл білімі аясынан шығып, этнос табиғаты, діл және дін, ұлттық мәдениет, ұлттық дүниетаным, әлеуметтік-қоғамдық орта, ұлттық тұлға, адамзаттық түсінік сияқты ұғымдармен сабақтастықта зерттелуде [6, 8 б.].

Антропоцентристік парадигма өз бастауын Батыс Еуропадан В. фон. Гумбольдттың лингвофилософиялық концепцияларынан алып, кейіннен көптеген лингвистерден үлкен қолдау тауып кең қанат жайды. Бүгінгі таңда антропоцентристік парадигма өте қарқынды түрде зерттелу үстінде. Антропоцентристік парадигма негізінен «тіл-қоғам-адам», «тіл-мәдениетөркениет», «тіл-ұлт-мәдениет» деген үштіктердің негізінде зерттеу бағыттары жүргізіліп жатыр.

Жалпы «антропоцентристік», «антропоцентризм», «антропологиялық парадигма», «антропоөзектілік» деген терминді осы бағытты зерттеуші ғалымдар екі түрлі қолданады. Олардың кейбіреуі «антропоцентризм» дегенді «этнолингвистика» деген термин мен ауыстырып та, қолданатын кездері бар. Ал, кейбіреуі сол қалпында «антропоцентризм» терминін қолданады. Алайда антропоцентристік парадигманың аясы өте үлкен ғылым саласы. Яғни оның үлкен салаларының бірі этнолингвистика деп аталады. Демек, бұл жерде терминнің тұрақтылығын сақтай отыра, этнолингвистиканың өзі антропоцентризмнің бір саласы, оның аясы антропоцентризмге қарағанда тарлау болатындықтан, антропоцентризм деп қолдану орынды. Қазақ тіл білімінде XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында антропологиялық қағида көбінесе «антропоцентризм» терминімен жарыса қолданылып жүр.

Жалпы ғылымда «центризм» терминіне қатысты ғылыми пікір қайшылықтары кездесіп отырады. Бұл мәселеге ғылымдағы айналымдық

сипатына қатысты объективтік тұрғыдан қарай отыра «антропоцентризм» терминін шартты түрде қалдыруға болады. Тіл білімінде бұл мәселеге қатысты Ж.И.Сұлтан: «Ю.А.Сорокиннің «центризм» терминіне қатысты пікірін талқылай келе ғалымның «антропоцентризмге» қатысты айтылған уәжді дәйектемесімен келісе келе, «центризмі» бар терминнің өзі көп жағдайда тұрпайылау, объективтіліктен алшақ көрінеді (эгоцентризм, еуроцентризм, т.б.). Бұл жерде мәселе сөздің мәнінде емес (шындығына келгенде, осы терминді қолданушылар Ю.А.Сорокин келтіргендегідей “дүмбілез” мақсатты әсте көздемейтін шығар), әңгіме лингвистикалық контекстегі сөздік қолданыста, терминнің стильдік мақсатқа сай келуінде болса керек. Бірақ біз Ю.А.Сорокиннің антропофилия деген ұсынысын да қабылдауды қош көрмедік. Өйткені бұл қолданыс та аса объективті емес. Біз өз тарапымыздан тіл білімінде адамға қатысты жүзеге асырылатын 8 ұстанымдар мен әдістер жиынтығын неғұрлым бейтарап сипатқа ие тілдегі антропологиялық парадигма деген терминді қолданғанды жөн санадық. Бұл терминнің түбірі anthrôpos (грек.) – «адам», антропология – адамтану, адамды формасы жағынан жануар ретінде, мазмұны тұрғысынан рух иесі ретінде қарастыратын ілім; сондай-ақ, антропогенез, антропометрия, антропоморфизм т.б. сияқты сөзжасамдық жүйе де осы негізде қалыптасқан» – деген тұжырым жасайды [7, 9 б.]. Алайда антропоцентризм мәселесі қазақ тіл білімінде соңғы уақыттарда қарқынды түрде зерттеліп жатқандықтан, терминдік бірізділіктің сақталуы ғылыми процестің алдағы бағыт бағдарына байланысты қалыптасады.

Адам табиғатын танумен қоғамдық өмірдегі әр алуан ғылым салалары айналысады. Әр ғылым саласы адам болмысын тануда өзіндік объектілері мен ғылыми пәндерінің аясында қарастырады. Тіл біліміндегі антропоцентристік парадигма (лингвистика) адам мен тілдің байланысын, адам тілімен адам екендігін, адамзат тіліндегі ұлттық-мәдени-танымдық ерекшелікті басты объектілерінің біріне жатқызады.